

**Атбасар ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 17 шілдедегі № а-7/267 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 31 шілдеде № 6745 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № а-4/140 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 15.04.2019 № а-4/140 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Атбасар ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Атбасар ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Х.Тажденоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А.Қалжанов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*"Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының Ішкі істер департаменті Атбасар ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығының міндетін атқарушы*

*Е.Айтқожынов*

**"17" 07 2018 жылы**

Атбасар ауданы әкімдігінің  
2018 жылғы "17" 07  
№ а-7/267 қаулысына  
қосымша

# **Атбасар ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері**

## **1-тарау. Көтермелеудің түрлері**

1. Атбасар ауданы әкімінің алғыс хаты.
2. Ақшалай сыйақы.

## **2-тарау. Көтермелеудің тәртібі**

3. Осы тәртіп Атбасар ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеуді ұйымдастырудың мәселелерін реттейді.

4. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Атбасар ауданы әкімдігінің қаулысымен құрылған комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қарайды.

5. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының Ішкі істер департаменті Атбасар ауданының ішкі істер бөлімі" (бұдан әрі – ІІБ) мемлекеттік мекемесімен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсыныс комиссияның қарауына енгізіледі.

6. Комиссиямен қабылданған хаттамалық шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.

7. Ақшалай сыйақыны төлеуді ІІБ облыстық бюджет есебінен жүргізіледі.

8. Ақшалай сыйақыны төлеу үшін ІІБ бастығының комиссия қабылдаған шешіміне сәйкес қосымша бұйрығы шығарылады.

9. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға ақшалай сыйақыны беру, Атбасар ауданы әкімінің алғыс хатын табыстау ІІБ салтанатты жиынында жүзеге асырылады.

## **3-тарау. Ақшалай сыйақының мөлшері**

10. Ақшалай сыйақы мөлшерін қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін, сонымен қатар онымен оның қатысуымен құқыққа қарсы әрекет нәтижесінде келтірілуі мүмкін залалдың алдын алған көлемін есепке ала отырып, ақшалай сыйақының мөлшері комиссиямен белгіленеді және 20 еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

